



ҚазМұнайГаз
CNPC

Мұнайлы

Газет 2009 жылдың
01 мамырынан
шығады

www.mmg.kz

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының газеті

№01 (88), қаңтар-ақпан, 2017 жыл

ӨЛКЕ

Ішкі коммуникация

ЕҢБЕК ҰЖЫМЫМЕН КЕЗДЕСУ: МЕЖЕ МЕН МІНДЕТ

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының ішкі коммуникациялары Ережесіне сәйкес компанияда жылына екі рет қоғам басқармасының еңбек ұжымымен есептік кездесулерін өткізіп тұру көзделген. Осыған орай үстіміздегі жылдың 5-ші қаңтарында «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасында және 6-шы қаңтарында «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасында қоғам басқармасының мұнайшылармен кезекті кездесулері болып өтті.

Кездесудің күн тәртібінде 2016 жылдың қорытындысы, 2017 жылға компания алдында қойылған міндеттер, сондай-ақ осыған дейін өткен кездесулерде мұнайшылар тарапынан қойылған сұрақтардың шешілу барысы туралы мәселелер қаралды.

«Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасында өткен жылында «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы бас директоры Б.Иманбаев жана жылмен құттықтап, жылдық мұнай өндіру жоспары үлесінен шыққан мұнайшыларға зор алғысын білдірді. Компанияда 2016 жылы атқарылған жұмыстар және 2017 жылға алға қойылған міндеттер туралы баяндап берді.

Бақыт Алтайұлы компаниямызда болып жатқан өзгерістер мен жаңа бағыттарға тоқталды:

- Биыл жаңа Ұжымдық шарт жасакталды. Бұл шартта 2015 жылғы ұжымдық шарттан алынып тасталған кейбір тармақтар 2016 жылғы ұжымдық шартқа қайтадан енгізілді. Өткен жылдары әлемдік мұнай нарығында қалыптасқан күрделі жағдайларға орай төлеу мүмкіндігі болмаған төлемдер қайтадан күшіне енді. Әсіресе, Қоғам қызметкерлерінің балаларын мектепке дейінгі балалар

мәселелерін шешуге бағытталған шығындардың жылдан жылға өсіп келе жатқандығын көрсеткіші. Осы бағытта үстіміздегі жылы компания 600 млн. 264 мың теңге қаржы құйған болса, енді жаңа ұжымдық шартқа сәйкес жыл сайын 383 млн. 800 мың теңге көлемінде қосымша қаржы жұмсалып отыратын болды.

Сондай-ақ, «ҚазМұнайГаз» ұлттық



тұрақты жұмыс орнымен қамту, жыл қорытындысы бойынша бонус төлемі туралы сұрақтар берілді. Б.Иманбаев жұмысқа адам алу жөніндегі мораторийға байланысты компанияға жұмысқа орналастыру мүмкін еместігін айтты. Аса тұрмысы ауыр жұмысшылардың мәселесін мердігерлік компаниялар арқылы шешуге тиісті орынбасарларына тапсырма берді. Стажерлар жайы трансформациялауға байланысты қысқарған компания қауіпсіздік қызметі қызметкерлерін біліктіліктері мен мамандықтарына сәйкес вакансиялық жұмыс орындарына орналастырылғаннан кейін күн тәртібіне қойылатын болады. Ал бонус төлемі жөнінде компания басшылығы мен кәсіподақ ұйымы бірлесіп жұмыс жүргізуде. Мәселе акционерлердің алдына қойылған. Бүгінгі таңда бұл бағытта жұмыс жүріп жатыр.

«Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы еңбек ұжымымен кездесуде кәсіподақ комитетінің төрағасы Бердібек Қуатбаев кенорны мұнайшылары атынан тұрмыстық қамту бағытындағы тосек орын, арнаулы киім, сондай-ақ мұнайшылардың разрядын көтеру, бонустық төлем мәселелерін алға тартты. Б.Иманбаев жұмысшылардың сұрақтарына егжей-тегжейлі жауап беріп, мұнайшылар сауалдарын шұғыл шешу жөнінде тиісті басшыларға нақты тапсырмалар берді.

Жиындарға қатысқан мұнайшылар қарапайым еңбеккерлердің өтініштеріне үлкен көңіл бөлінетін осындай дәстүрлі кездесулердің ұйымдастырылып тұрғанына өз ризашылықтарын білдіріп жатты.

С.Ғалидүллин



мемлекеттік мекемелерінде тәрбиелеуге, оқу орындарында оқыту, отбасыларында 4 және одан да көп балалары бар компания қызметкерлеріне берілетін бір жолғы төлем, балалы болғанда төленетін бір жолғы төлем көлемі ұлғайтылды. Сонымен қатар, компания қызметкерлерінің отбасыларына жаңа оқу жылына қажетті керек-жарақтарын сатып алуға төленетін әлеуметтік көмектің көлемі 15 000 теңгеден 25 000 теңгеге дейін ұлғайтылды. Шарттағы тағы бір жаңалық - компания қызметкерлеріне сыйақыны ай сайынғы негізде төлеу туралы шешім қабылданды.

Жаңа ұжымдық шарт мұнайшылардың әр түрлі әлеуметтік

компаниясы» акционерлік қоғамының бұйрығына сәйкес жүргізіліп жатқан трансформациялау процесіне байланысты медициналық-санитарлық бөлімшесін компания активтерінен шығару бағытында шаралар алынды. Жаңа жылдан бастап жұмысшыларды медициналық қамту «Хирургия ғылыми зерттеу институты» орталығы атқаратын болады. Аталмыш медициналық компания мен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ арасында компания қызметкерлеріне толық медициналық қызмет көрсету туралы келісім жасакталды. Денсаулық сақтау саласында зор тәжірибесі бар республикалық орталықтың білікті

мамандары мұнайшыларға жоғары кәсіби деңгейде қызмет көрсетеді деген сенім бар. Сондай-ақ бұрын емхана есебінде тек компания қызметкерінің өзі тұратын болса, енді медициналық қызмет түрлерімен мұнайшылардың 14 жастан асқан үш отбасы мүшесін қамту мәселесі қарастырылуда.

Жиында мұнан бұрынғы еңбек ұжымымен кездесулердегі көтерілген мәселелердің шешілуі туралы ақпарат берілді. Бақыт Алтайұлы өндірістегі мұнайшылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында Асар кенорнында жаңа асхана құрылысы басталатындығын жеткізді.

Жетібай кенорнында өткен жиналыста мұнайшылардың балаларын компанияға жұмысқа алу, стажерларды



Внутренние коммуникации

ГРАФИК

приема Правлением и заместителями генерального директора работников АО «Мангистаунайгаз» по личным вопросам

№ п/п	Ф.И.О. руководителя, проводящего прием	Должность	Время приема	Ответственное лицо, номер телефона, электронный адрес
1.	Иманбаев Бақыт Алтаевич	Генеральный директор	Первый понедельник января, июля месяцев с 14.00ч. до 16.00ч.	Ермекебаев Данияр Талғатович Помощник генерального директора, Тел.8 /7292/ 215-134 d.ermekebayev@mmg.kz
2.	Пэй Цзяньшэн	Первый заместитель генерального директора	Ежеквартально, первый понедельник января, апреля, июля, октября месяцев с 15.00ч. до 17.00ч.	Улыкпанов Жасулан Таленбергенович Помощник первого заместителя генерального директора Тел. 8 /7292/ 215-108, zhulippanov@mmg.kz
3.	Чжен Чэнху	Заместитель генерального директора по коммерческим вопросам	Ежеквартально, первый вторник января, апреля, июля, октября месяцев с 10.00ч. до 12.00ч.	Степаненко Г.А. – секретарь Тел. 8 /7292/ 215-114 g.stepanenko@mmg.kz
4.	Тянь Кэцзянь	Заместитель генерального директора по производственным вопросам	Ежеквартально, первый вторник января, апреля, июля, октября месяцев с 15.00ч. до 17.00ч.	Бердіхан Т.Б. – секретарь Тел. 8 /7292/ 215-126 t.berdikhan@mmg.kz
5.	Байпаков Саттибек Шаймурзаевич	Заместитель генерального директора по геологии и разведке	Ежеквартально, первая среда января, апреля, июля, октября месяцев с 10.00ч. до 12.00ч.	Кирикбаева К.К. – секретарь Тел. 8 /7292/ 215-139 k.kirikbaeva@mmg.kz
6.	Лю Аньчэн	Заместитель генерального директора по экономике и финансам	Ежеквартально, первая среда января, апреля, июля, октября месяцев с 15.00ч. до 17.00ч.	Ережепова Р.Ж. – секретарь Тел. 8 /7292/ 215-124 r.erzhepova@mmg.kz
7.	Тулгожаев Жетыбай Куанаевич	Заместитель генерального директора по административным вопросам	Ежеквартально, первый четверг января, апреля, июля, октября месяцев с 10.00ч. до 12.00ч.	Есенкулова А.Г. – секретарь Тел. 8 /7292/ 215-123 a.esenkulova@mmg.kz
8.	Кудереев Нурсерик Кадырсызович	Заместитель генерального директора по управлению человеческими ресурсами и социальной политике	Ежеквартально, первый четверг января, апреля, июля, октября месяцев с 15.00ч. до 17.00ч.	Мамбетова З.У. – секретарь Тел. 8 /7292/ 215-110 z.mambetova@mmg.kz
9.	Чэнь Цюань	Заместитель генерального директора по разведке и приобретению активов	Ежеквартально, первая пятница января, апреля, июля, октября месяцев с 10.00ч. до 12.00ч.	Сарсенгалиева М.А. – секретарь Тел. 8 /7292/ 215-171 m.sarsengalieva@mmg.kz
10.	Кийнов Казыбек Кетсбаевич	Заместитель генерального директора по новым технологиям	Ежеквартально, первая пятница января, апреля, июля, октября месяцев с 15.00ч. до 17.00ч.	Еремеева В.В. – секретарь Тел. 8 /7292/ 215-118 v.eremeeva@mmg.kz

* При отсутствии ответственного лица за организацию приема (отпуск, командировка, болезнь, перевод, увольнение и другие), ответственное лицо заменяется лицом, временно назначенным на его место/назначенным на его место.

* При совпадении дня приема руководителем выходным днем, днем приема является следующий день после выходного дня.

ГРАФИК ВСТРЕЧ ЛИНЕЙНЫХ РУКОВОДИТЕЛЕЙ С ТРУДОВЫМ КОЛЛЕКТИВОМ НА 2017 ГОД

№ п/п	Структурное подразделение	Ф.И.О. должность	Дата и время проведения			
			I-квартал	II-квартал	III-квартал	IV-квартал
1.	ЦДНГ-1 ПУ «КМГ»	Байназаров А. – начальник ЦДНГ-1 ПУ «КМГ»	24.02.2017 г.	25.04.2017 г.	05.07.2017 г.	08.10.2017 г.
2.	ЦДНГ-2 ПУ «КМГ»	Отаралиев С. – начальник ЦДНГ-2 ПУ «КМГ»	25.01.2017 г.	05.04.2017 г.	05.07.2017 г.	14.11.2017 г.
3.	ЦДНГ-3 ПУ «КМГ»	Кемелбаев М. – начальник ЦДНГ-3 ПУ «КМГ»	05.02.2017 г.	14.06.2017 г.	05.09.2017 г.	05.12.2017 г.
4.	ЦДНГ-4 ПУ «КМГ»	Кептанов М. – начальник ЦДНГ-4 ПУ «КМГ»	15.02.2017 г.	05.05.2017 г.	14.08.2017 г.	25.11.2017 г.
5.	ЦППД ПУ «КМГ»	Акумузин К. – начальник ЦППД ПУ «КМГ»	26.03.2017 г.	06.06.2017 г.	26.09.2017 г.	26.12.2017 г.
6.	ЦПТЖ ПУ «КМГ»	Жаймагамбетов С. – начальник ЦПТЖ ПУ «КМГ»	06.01.2017 г.	16.04.2017 г.	26.07.2017 г.	16.11.2017 г.
7.	ЦАПН ПУ «КМГ»	Кызылов А. – начальник ЦАПН ПУ «КМГ»	26.01.2017 г.	16.05.2017 г.	06.08.2017 г.	06.12.2017 г.
8.	УПСВ ПУ «КМГ»	Заханов С. – начальник УПСВ ПУ «КМГ»	06.03.2017 г.	16.06.2017 г.	06.08.2017 г.	10.10.2017 г.
9.	ЦДПТГ ПУ «КМГ»	Бержанов А. – начальник ЦДПТГ ПУ «КМГ»	18.01.2017 г.	07.04.2017 г.	18.07.2017 г.	11.10.2017 г.
10.	ПРЦЭО ПУ «КМГ»	Агиев И. – начальник ПРЦЭО ПУ «КМГ»	07.02.2017 г.	27.05.2017 г.	07.08.2017 г.	18.11.2017 г.
11.	УЭ ПРЦЭО ПУ «КМГ»	Надиров К. – начальник УЭ ПРЦЭО ПУ «КМГ»	18.02.2017 г.	27.06.2017 г.	18.09.2017 г.	18.12.2017 г.
12.	ЦТВСН ПУ «КМГ»	Есиркепов Т. – начальник ЦТВСН ПУ «КМГ»	27.03.2017 г.	27.06.2017 г.	18.08.2017 г.	18.11.2017 г.
13.	ЦНИПР ПУ «КМГ»	Бисенбаев С. – начальник ЦНИПР ПУ «КМГ»	06.02.2017 г.	26.06.2017 г.	16.09.2017 г.	16.12.2017 г.
14.	УХР НКТ и ГН ПУ «КМГ»	Махамбетов Б. – начальник УХР НКТ и ГН ПУ «КМГ»	26.03.2017 г.	06.05.2017 г.	26.08.2017 г.	06.11.2017 г.
15.	ЦИТС ПУ «КМГ»	Жузбаев А. – руководитель ЦИТС ПУ «КМГ»	04.01.2017 г.	04.04.2017 г.	04.07.2017 г.	03.10.2017 г.
16.	ЦДНГ-1 ПУ «ЖМГ»	Акимязов А. – начальник ЦДНГ-1 ПУ «ЖМГ»	05.01.2017 г.	05.04.2017 г.	05.07.2017 г.	04.10.2017 г.
17.	ЦДНГ-2 ПУ «ЖМГ»	Сейбагитов Д. – начальник ЦДНГ-2 ПУ «ЖМГ»	10.01.2017 г.	06.04.2017 г.	11.07.2017 г.	05.10.2017 г.
18.	ЦДНГ-3 ПУ «ЖМГ»	Тастыгаев С. – начальник ЦДНГ-3 ПУ «ЖМГ»	11.01.2017 г.	11.04.2017 г.	12.07.2017 г.	10.10.2017 г.
19.	ЦППД ПУ «ЖМГ»	Бердиев Б. – начальник ЦППД ПУ «ЖМГ»	12.01.2017 г.	12.04.2017 г.	13.07.2017 г.	11.10.2017 г.
20.	ЦППН ПУ «ЖМГ»	Алсынхов А. – начальник ЦППН ПУ «ЖМГ»	17.01.2017 г.	13.04.2017 г.	18.07.2017 г.	12.10.2017 г.
21.	ЦНИПР ПУ «ЖМГ»	Опаев М. – начальник ЦНИПР ПУ «ЖМГ»	18.01.2017 г.	18.04.2017 г.	19.07.2017 г.	17.10.2017 г.
22.	ПРЦЭО ПУ «ЖМГ»	Айтбай М. – начальник ПРЦЭО ПУ «ЖМГ»	19.01.2017 г.	19.04.2017 г.	20.07.2017 г.	18.10.2017 г.
23.	ЦПТГ-ЭГХ ПУ «ЖМГ»	Ныгметов Ж. – начальник ЦПТГ-ЭГХ ПУ «ЖМГ»	24.01.2017 г.	20.04.2017 г.	25.07.2017 г.	19.10.2017 г.
24.	УУИОЗГ ПУ «ЖМГ»	Алдашев А. – начальник УУИОЗГ ПУ «ЖМГ»	26.01.2017 г.	26.04.2017 г.	27.07.2017 г.	25.10.2017 г.
25.	ЦОП №1 Каламкас вахта №2 ООП ДАВ	Молдакадыров Б.А. – начальник ООП ДАВ Масалимова М.Г. – старший технолог ЦОП №1 Каламкас ООП	09.01.2017 г.	05.04.2017 г.	03.07.2017 г.	09.10.2017 г.
26.	ЦОП №1 Каламкас вахта №1 ООП ДАВ	Молдакадыров Б.А. – начальник ООП ДАВ Мирманова П.К. – старший технолог ЦОП №1 Каламкас ООП	17.01.2017 г.	10.04.2017 г.	10.07.2017 г.	02.10.2017 г.
27.	ЦОП №1 Жетыбай вахта №1 ООП ДАВ	Молдакадыров Б.А. – начальник ООП ДАВ Нурғалиева Ж.С. – старший технолог ЦОП №1 Жетыбай ООП	10.01.2017 г.	06.04.2017 г.	11.07.2017 г.	03.10.2017 г.
28.	ЦОП №1 Жетыбай вахта №2, ЦОП №2 Жетыбай ООП ДАВ	Молдакадыров Б.А. – начальник ООП ДАВ Рабаева М.Б. – старший технолог ЦОП №1 Жетыбай ООП	18.01.2017 г.	11.04.2017 г.	04.07.2017 г.	10.10.2017 г.
29.	АУП, Склад, ЦОП №2 Ақтау ООП ДАВ	Молдакадыров Б.А. – начальник ООП ДАВ Нурлиева Г.А. – ведущий технолог склада общественного питания Айтбаева Г.А. – старший технолог ЦОП №2 Ақтау ООП	19.01.2017 г.	13.04.2017 г.	12.07.2017 г.	11.10.2017 г.
30.	СМТС ДЗиМТС	Ақшин А.К. – Руководитель СМТС ДЗиМТС	17.02.2017 г.	19.05.2017 г.	18.08.2017 г.	17.11.2017 г.
31.	Автоколлонна Каламасского участка автопарка ТД вахта №1	Онгалбаев Е.Г. – начальник автопарка ТД Калмурзаев А.Т. – начальник а/к Каламасского участка а/п ТД	03.02.2017 г.	05.05.2017 г.	04.08.2017 г.	03.11.2017 г.
32.	Автоколлонна Каламасского участка автопарка ТД вахта №2	Онгалбаев Е.Г. – начальник автопарка ТД Джумажанов К.Е. – зам.начальника а/к Каламасского участка а/п ТД	10.02.2017 г.	12.05.2017 г.	11.08.2017 г.	10.11.2017 г.
33.	Автоколлонна Жетыбайского участка автопарка ТД	Онгалбаев Е.Г. – начальник автопарка ТД Донгелов Е.К. – начальник а/к Жетыбайского участка а/п ТД	17.02.2017 г.	19.05.2017 г.	18.08.2017 г.	17.11.2017 г.
34.	Автоколлонна г. Ақтау, работники автопарка и ТД	Онгалбаев Е.Г. – начальник автопарка ТД Диханов С.К. – зам. начальника автопарка ТД	24.02.2017 г.	26.05.2017 г.	25.08.2017 г.	24.11.2017 г.
35.	ЖЭЦ (Каламкас) ОАВ ДАВ вахта №1	Масалимова Х.Г. – начальник ЖЭЦ Салахеденова Ж. – заведующий общежитием	8.02.2017 г.	08.05.2017 г.	08.08.2017 г.	08.11.2017 г.
36.	ЖЭЦ (Каламкас) ОАВ ДАВ вахта №2	Масалимова Х.Г. – начальник ЖЭЦ Нухова Т. – заведующий общежитием	19.02.2017 г.	19.05.2017 г.	19.08.2017 г.	19.11.2017 г.
37.	ЖЭЦ (Жетыбай) ОАВ ДАВ	Кулсариев С.О. – начальник ЖЭЦ (Жетыбай) ОАВ ДАВ	19.01.2017 г.	20.04.2017 г.	20.07.2017 г.	19.10.2017 г.
38.	ЖЭЦ (Жетыбай) ОАВ ДАВ	Кулсариев С.О. – начальник ЖЭЦ (Жетыбай) ОАВ ДАВ	26.01.2017 г.	27.04.2017 г.	27.07.2017 г.	26.10.2017 г.
39.	УВО ДАВ	Темиров К. – начальник УВО ДАВ Кеңжебеков Т.Б. – зам. начальника УВО ДАВ	07.01.2017 г.	07.04.2017 г.	07.07.2017 г.	07.10.2017 г.
40.	ЦСПО ОГМ ПД	Рысқалиев А.Б. – Руководитель ЦСПО	06.01.2017 г.	07.04.2017 г.	07.07.2017 г.	06.10.2017 г.
41.	ССО БКНС ПУ КМГ ЦСПО ОГМ ПД	Рысқалиев А.Б. – Руководитель ЦСПО, Кожаяев С.Ш. – зам. руководителя, Ералиев М.Б. – ведущий механик	17.01.2017 г.	18.04.2017 г.	18.07.2017 г.	10.10.2017 г.
42.	ССО БКНС ПУ КМГ ЦСПО ОГМ ПД	Рысқалиев А.Б. – Руководитель ЦСПО, Кожаяев С.Ш. – зам. руководителя, Ералиев М.Б. – ведущий механик	27.01.2017 г.	26.04.2017 г.	26.07.2017 г.	26.10.2017 г.
43.	ССО БКНС ПУ ЖМГ ЦСПО ОГМ ПД	Рысқалиев А.Б. – Руководитель ЦСПО, Кожаяев С.Ш. – зам. руководителя, Гимранов А. – ведущий механик	19.01.2017 г.	13.04.2017 г.	13.07.2017 г.	13.10.2017 г.
44.	ССО БКНС ПУ ЖМГ ЦСПО ОГМ ПД	Рысқалиев А.Б. – Руководитель ЦСПО, Кожаяев С.Ш. – зам. руководителя, Гимранов А. – ведущий механик	26.01.2017 г.	20.04.2017 г.	20.07.2017 г.	20.10.2017 г.

ТРАНСФОРМАЦИЯ - НОВЫЙ УРОВЕНЬ РАЗВИТИЯ

В сентябре 2014 года стартовала Программа трансформации АО ФНБ «Самрук-Казына». Приоритетами программы являются реинжиниринг и автоматизация бизнес-процессов, повышение кадрового потенциала и выведение непрофильных видов деятельности. АО «Мангистаумунайгаз» активно выводит непрофильные виды деятельности (производство кислорода, пожарное обеспечение, медицинское обеспечение и др.), при этом перед менеджментом стоит задача усилить непрофильное направление через приглашение специализированных компаний, для которых эти виды деятельности являются основными. В качестве примера недавней трансформации хотелось бы отметить медицинское обслуживание. Согласно Программе трансформации в конце 2016 года была реорганизована Медико-санитарная служба Департамента административных вопросов АО «Мангистаумунайгаз». На основании открытого конкурса по передаче медицинского обслуживания сотрудников Общества в конкурентную среду был определен победитель - Центр современной медицины «Mediterra» ТОО «Институт хирургии». На основании долгосрочного трехстороннего соглашения между ТОО «Институт хирургии», АО «Мангистаумунайгаз» и Профсоюзом Общества текущий состав сотрудников МСС ДАВ был принят на работу Институтом с сохранением текущего уровня заработной платы на три года. Кроме того, сотрудники МСС ДАВ получили долгожданную возможность непрерывно повышать свою квалификацию и работать с современным оборудованием. В свою очередь сотрудники Общества получили доступ к бесплатным новым видам медицинских услуг, бесплатным лекарствам, высококвалифицированным врачам и возможностью предоставлять медицинское обслуживание трем своим близким родственникам. Об этом и многом другом рассказал директор филиала ТОО «Институт хирургии» в г. Актау Ерлан Исламов.

- Ерлан Нурланович вначале расскажите, пожалуйста, что представляет собой ТОО «Институт хирургии»: кто его возглавляет, какова квалификация врачей, по каким направлениям работают медики?

- ТОО «Институт хирургии» образован летом 2016 года. Деятельность нашего центра, в котором работают профессионалы, основывается на применении современных технологий диагностики и лечения, и широко использовании зарубежного опыта. Головная клиника находится в городе Алматы. Возглавляет центр - выпускник Стамбульского университета Коспанов Сабыржан Айдарханович. Заместитель директора - докторант PhD Высшей школы организации здравоохранения, ангиохирург первой категории, рентген-эндовазкулярный хирург, действительный член Европейского Сообщества Сосудистых Хирургов ESVS, автор более 20 научно-практических работ, 2 инновационных патентов РК - Азимбаев Галимжан Сейдуллаевич. Главный врач центра - к.м.н. (PhD), хирург-трансплантолог высшей категории, отличник здравоохранения РК, член редакционной коллегии журнала «Трансплантология в Казахстане», автор более 100 научных публикаций, 4-х инновационных патентов РК - Садыков

Нариман Камиллович.

Нашим центром оказывается населению высокоспециализированная помощь по следующим профилям:

- по сосудистой хирургии, - возглавляет стипендиат Государственной стипендии для талантливых молодых ученых, главный внештатный ангиохирург МЗСР РК, вице-президент казахстанского сообщества сосудистых хирургов, член редакционной коллегии журнала «Вестник хирургии Казахстана», отличник здравоохранения РК - Коспанов Нурсултан Айдарханович.

- отделением торакальной хирургии и пульмонологии руководит к.м.н., торакальный хирург с высшей категорией, Лауреат Государственной молодежной премии «Дарын», отличник здравоохранения РК, кавалер ордена «Гиппократ» - Ешмуратов Темуір Шерханович.

- отделение ангиохирургии и кардиологии возглавляет - Токсанбаев Данияр Сапарович - к.м.н., хирург-трансплантолог высшей категории, действительный член Международной ассоциации хирургов, гастроэнтерологов и онкологов (IASGO), Европейского сообщества органовой трансплантации (ESOT), Корейской ассоциации гепатопанкреатобилиарных хирургов (КАНПБС), Общества



трансплантологов Тюркского Мира (TWTS), Ассоциации гепатопанкреатобилиарных хирургов стран СНГ (HPBA), автор более 270 научных публикаций, 13 инновационных патентов Республики Казахстан, методических рекомендаций, учебно-методического пособия.

- отделение анестезиологии и реаниматологии возглавляет кандидат медицинских наук (PhD), анестезиолог-реаниматолог высшей категории, действительный член Общества анестезиологов-реаниматологов Республики Казахстан, Ассоциации Европейских кардиоторакальных анестезиологов, Ассоциации Европейских анестезиологов, автор более 90 научных публикаций, методических рекомендаций, учебно-методического пособия - Кусанов Адилет Чингисович.

- Какие медицинские услуги вы предлагаете работникам АО «Мангистаумунайгаз»?

- Наши медицинские услуги направлены на улучшение качества жизни, борьбе с растущими болезнями, такими как ишемическая болезнь сердца, хронические обструктивные болезни легких, терминальные стадии заболеваний печени, осложнения сахарного диабета, онкологические заболевания, травмы. Предусмотрены профилактические осмотры, комплексное лечение, включая радикальное оперативное, диспансерное наблюдение, перевод на другую работу.

- Кто из членов семей работников АО «Мангистаумунайгаз» может рассчитывать на медобслуживание?

- Медицинское обслуживание получают три члена семьи работника АО «Мангистаумунайгаз», включая детей с 14 лет.

Перечень бесплатных услуг для членов семьи: осмотр, консультация врача, лабораторные анализы (общий анализ крови,

общий анализ мочи, биохимический анализ крови), флюорография, электрокардиограмма.

Остальные медицинские услуги - платные.

Для работников АО «Мангистаумунайгаз» - осмотр врача, диагностика, лечение - бесплатно.

- Предусмотрены ли вызовы на дом, вызов «скорой помощи», госпитализация, дневной стационар?

- Вызов врача на дом принимается с 08.00ч. до 12.00ч. медицинским регистратором по телефону 212-125, выезд врача - с 13.30ч. до 17.30ч.

Вызов «скорой помощи» и госпитализация по показаниям. Дневной стационар работает с 08.00ч. до 17.30ч.

- Предусмотрено ли лечение в других городах, в каких случаях?

- Пациент направляется в другие города Казахстана для оказания высоко-специализированной медицинской помощи (ВСМП) и специализированной медицинской помощи (СМП) через бюро госпитализации по показаниям. Госпитализация предусмотрена в зависимости от состояния больного.

- Предусмотрены ли для работников и членов их семей бесплатные лекарственные препараты?

- Для работников АО «Мангистаумунайгаз» лекарственные средства бесплатные, согласно лекарственного формуляра. Для членов семьи - лекарства платные.

- Можно ли изменять предоставленный ранее список членов семей в течение года?

- Предоставленный ранее список членов семьи в течение года не меняется.

Спасибо за интервью!

Әлеуметтік қамту

ЖАҢА НАУБАЙХАНА – МҰНАЙШЫЛАР ИГІЛІГІНЕ

Елдің табысын еселеуде тер төгіп еңбек етіп жүрген мұнайшыларға қолайлы жағдай жасауды мақсат тұтқан «Мангистаумұнайгаз» акционерлік қоғамы Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы және Жаңа жыл қойнауы құтқа толы Қаламқаста жаңа наубайхана салтанатты түрде ашылып, мұнайшылар игілігіне тапсырылды.



Қаламқас кен орнында бой көтерген жаңа нысанның ашылуына жиналған көңілдері шат, жүздері жарқын мұнайшылар «Құтты болсын!» айтып жатты. «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы басшысының әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Мұрат Батыршаев:

- Бұрынғы қолданыстағы наубайхана ғимараты ескі әрі құрал-жабдықтары көне болатын. «Мангистаумұнайгаз» АҚ тарапынан осы мәселе ескеріліп, қаржы бөлінді. Қараша айында салынып басталған құрастырмалы наубайхана озық үлгідегі технологиямен жабдықталған. Ескі наубайханада күніне 500 келі нан және тәтті тағамдар пісірілетін. Мұнда

наубайханашылардың тәулігіне 1 тоннадай нан және өзге де нан өнімдерін пісіруге мүмкіндігі бар. Бізге мерекеле осындай жаңа нысанды сыйға тартқан басшыларымызға, «Спецтехэнерго» ЖШС-на алғысымызды білдіріміз, - деді.

Мұнайшылар асыға күткен наубайхананың лентасы қиылып, жиналған қонақтар мен мұнайшылар ғимараттың ішін аралап көрді. «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының басшысы Нұрпейіс Сәрсенбаев: «Наубайхана мұнайшылардың игілігіне қызмет етсін!» деген тілегін білдірді. Кең, жарық та жайлы бөлмелердің іші озық үлгідегі құрал-жабдықтармен жасалған. Сметалық құны 36 млн.тенгені құрайтын ғимараттың ішінде нан пісіретін цех, ұнды, пісірілген тағамдарды сақтау және тазалық бөлмелері бар. Бір ауысымда 6 наубайханашы еңбек етіп, 3000-ға жуық мұнайшыға нан өнімдерін пісіреді.

- Жаңа жылда жаңа нысанға көшіп, мээ-мейрам болып жатырмыз. Жұмысшыларға қолайлы жағдай жасалып, жұмысымыз жеңілденді. Бұрын қол еңбегімен атқарылатын жұмыстардың басым бөлігі енді техникалардың көмегімен жасалады. «Ас атасы - нан» демекші, мұнда астын, дәмнің үлкені пісіріледі - деді бас технология Фатима Мейірмұханова.

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ

ЧТОБЫ ВОДА СТАЛА ЧИЩЕ

На месторождении Жетыбай в столовой №9 установлен первый из пяти осветительных и сорбционных фильтров для улучшения качества питьевой воды.

По словам начальника производственно-технической службы ДАВ Аскара Икаева, фильтры позволяют очищать питьевую воду от различных вредных примесей и компонентов. За один час фильтр очищает до трех кубометров питьевой воды.

- Вода проходит несколько этапов очистки, - в свою очередь, говорит начальник ЖЭЦ ПУ «Жетыбаймұнайгаз» Сакен Кулсариев. - И первые же результаты показали, что качество воды действительно стало намного лучше. Работники довольны, а это самое главное!

В ближайшее время намечается установка подобных фильтров еще на четырех участках: столовая №10 возле ЦДНГ-2, общежития «Асар», общежития АУП возле управления «ЖМГ» и хлебопекарня возле ПРЦЭО скважина №6.



СЕРВИСТИК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

Ішкі коммуникация

МҰНАЙШЫ ШЫҚТЫ ЗЕЙНЕТКЕ

«Oil Services Company» ЖШС орталық кеңсесінде компанияның зейнет жасына толған қызметкерлерін құрметті еңбек демалысына шығару салтанаты өтті.

Қызметкердің барлығы да «ҚазМұнайГаз» АҚ МК арасында жүзеге асырылып жатқан «Мерзімінен бұрын зейнеткерлікке шығу бағдарламасының» аясында ерте зейнеткерлік демалысына шығып отыр.



Бағдарламаның арқасында еңбек өтілінің басым бөлігін мұнай саласының ауыр жұмысында өткізген және денсаулығында кінәраты бар қызметкерлер құрметті демалысы мерзімінен бұрын шығуға мүмкіндік алды. Бағдарлама қызметін ерікті түрде пайдаланып, зейнетке шығушы қызметкерлердің өздері ұйғарды. Зейнеткерлікке шығушы жұмысшы мамандар - көп жылдар бойына Манғыстау мұнайын игеру жолында аямай еңбек еткен әр түрлі маман иелері.

- Құрметті біздің мұнайшы ағалар мен апалар, сіздерді бүгінгі қуанышты күнімізбен құттықтаймын. Өлкеміздің байлығын игеру және мекемеміздің өсіп - өркендеуі жолында аямай еткен еңбектерің үшін, Сіздеге шексіз алғыс айтып, ризашылығымды білдіремін. Жылдың қай мезгілі болсада, ауа-райының қолайсыздығына қарамастан төккен терлеріңіз бен көрген бейнеттеріңіздің жемісін алатын күн де келіп жетті. Бөріңіз де құрметке, марапатқа лайық жаңсыздар. Сіздеңіз дендеріңе саулық, отбасыларыңа амандық тілеймін, - деп салтанатты жиналыстың алғашқы сөзін сөйлеген сервистік Директоры Мырзағали Масатов Алғыс хаттарды табыстады.

- Үлкенді сыйлау, оларға құрмет көрсету - ата-бабамыздан келе жатырған салтымыз. Сіздеңіз өмірлік тәжірибелеріңіз бен ақыл-кеңестеріңіз, тәлім-тағлымдарыңыздың біз үшін орны бөлек, себебі әрқайсыңыздың мекемеңіз өркендеуіне қосқан үлестеріңіз бен еңбектеріңіз ерен. Талай жас бұнды тәрбиелеп, ізбасарлар өсірдіңіздер. Бүгін, еңбектеріңіздің зейнетін көріп отырған шақта да Сіздез ұрпақтарыңызға игілік пен ізгіліктің, пайым-парасаттың үлгісін танытуда жалыққан емессіздер. Еңлесе алдағы өмірде де туғанға сыйды, кейінге үлгі бола беріңіздер. Денсаулықтарыңыз күйлі-қуатты, ғұмырларыңыз ұзағынан, көрек қуаныштарың молынан болсын дегім келеді, - деп директордың персоналды басқару, еңбек ақы төлеу және әлеуметтік саясат жөніндегі орынбасары Ержігіт Букембаев зейнеткерлерге өз тілегін жолдады.

- Мен жасым толмай зейнеткерлік демалысына шығып отырмын. Соңғы жылдары Жетібай химияландыру шекара еңбек еттім. Бұл мұнай саласындағы өзіндік орны бар жұмыстардың бірі. Алайда уақыт өзінің алды екен, жас ұлғайған сайын жұмыс істеу қиына соғатын болды. Зейнеткерлікке ерте шығуға мүмкіндік бергені үшін компания мен басқарма басшылығына алғыс хат шығарды. Енді өз денсаулығыма, отбасыма, немерелеріме көңіл бөлуге уақытым болады. «Oil Services Company» ЖШС-де үздіксіз еңбек етіпін және осы мекеменің арқасында жаксы өмір сүріп, балаларымды оқытып, көптеген жетістіктерге жеттім. Осы бір қуанышты күнде бөріңізге алғысымды білдіріп, бейбіт өмір, татулық тілеймін, - деп әңгімеледі зейнеткер Солтанбек Бекбосынов.

Сонымен қатар Қ.Демегенов, С. Мадияров және тағы да бірнеше адам тілектерін тілеп, алғыстарын айтты.

Осы таңда адам өмірінің асқар биігі - зейнеткерлік жасқа келіп отырған әрбір қызметкерді көпшілік ғұмырын Қазақстанның болашағына арнаған азаматтар ретінде таныды.

Халықта «өткенге - салауат, ертеңге - аманат» деген аталы сөз бар. Салауат айту ардагерлер еңбегін бағалауымыз болса, аманатымыз келешек ұрпаққа олардың жемісті жұмыстарыңызды өнеге ету болып табылады.

Сөз соңында зейнеткер - ардагерлерге өмірлері ғұмырлы болуына тілектестігімізді білдіреміз

Аккүмис Алдабергенова,
«Oil Services Company» ЖШС
ӘСП инженері

СПОРТТАҒЫ ТАБЫС – ЗОР ЕҢБЕКТІҢ ЖЕМІСІ

Адам ресурстарын өндірістің негізгі қозғаушы күші және мемлекетіміздің басты байлығына байлаптын компания кадрлық және әлеуметтік саясатты, ішкі коммуникация қағидаларын басты назарда ұстайды. Салауатты өмір салтын ұстану, денсаулықты сақтауды насихаттау – бәрімізге ортақ міндет. Дені сау ұлт қана бәсекеге қабілетті болады. Қоғамның табысты дамуы үшін де бұқаралық спорт керек екенін даусыз. Өнерінің өрісі ұзақ екендігін ескеріп, демалыс кезеңін босқа өткізбей, өз уақытын ұтымды пайдаланатын, кәсіпорынның әлеуметтік және мәдени дамуына өз үлесін қосып жүрген, бұқаралық дене шынықтыру мен спорттық шараларға үнемі атсалысып жүретін қызметкерлер аранызда аз емес.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Oil Construction Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өндірістік бөлімшелері арасында жеке-кейін компаниялық спорттық жарыстар ұйымдастырылды.

Азаматтардың денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыруға қолайлы жағдай туғызу - компанияның негізгі міндеттерінің бірі деп есептейтін компания басшылығы осы жарыстарға дайындалуға күнделікті мүмкіндік жасады. Спорт залдары жақсы аланды, керекті құрал-жабдық, спорттың күнделікті сағып алынды. Серіктестіктің өндірістік бөлімшелері өз ішінен үздіктерді іріктеу жарыстарын өткізді. Сөйтіп қызметкерлер жарысқа жаксы дайындықпен келіп, кіші футбол, волейбол, үстел теннисі, шахмат, дойбыдан өртүрлі жастағы ерлер, әйелдер арасында жарыстарда күш сынасты. Жарыстар спорт түрлері бойынша «Мандарин» спорт кешенінде, «Жатқан» ғимаратында, Тұрар Жолдыбаев атындағы спорт кешенінде, серіктестіктің кеңсе ғимаратында өткізілді.

Жарыстардың ашылу салтанатында «НұрОтан» ХДП серіктестігітегі бастауыш партия ұйымының төрағасы Қалу Садақбай, директордың адам ресурстарын басқару, еңбекке қолғау, нормалау және әлеуметтік саясат жөніндегі орынбасары Наурыз Сәтов, «ОСС» ЖШС қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің еңбекті қорғау инспекторы Мақсұт Садықов спортшыларға сәттілік тілеп, ойындардың күш-қуат, табыс, жаксы көңіл-күй сыйлайтынын, ұжымның ауызбіршілігін арттырудағы ролінің зорлығына сенім білдірді.

Ұжым мүшелері арасында жолдастық, достық қарым-қатынастың айнасындай болған жарыстарда спортшылар қайсарлық, табандылық, жылдамдық, шеберліктің үлгілерін, намысты қолдан бермей, жеңіске деген ерекше құлшыныстарын көрсетті. Өз қайрат-жігері, өнері, білімі, айла-тәсілі, тәжірибесімен бір-бірінен басым түсетуе талпынды. Ашық бәсекелестік, әділ

торешілік нәтижесінде тек лайықтылар ғана жеңіске қол жеткізе алды.

Сөйтіп бірнеше күнге созылған спортшылар додасы мәресіне жетіп, жабылу салтанаты өтетін де күн келіп жетті. Бұл маңызды шара көркем безендірілген облыстық филармония залында ұйымдастырылды. Спортшыларды марапаттау салтанатына еншілес ұйымдар басшылығы және басқа қонақтар шақырылды. Жеңімпаздарды марапаттау Манғыстау мақтаныштарына айналған сахна майталмандарымен қатар кәсіпорын қызметкерлерінің өнерін тамашалауға жалғасып отырды. Серіктестік қызметкерлері үшін жаксы демалыс, рухани қанағат сезімін сыйлаған жайдары кеш болды.

Сонымен жеңімпаздарға келер



болсақ, **кіші футболдан** 1-ші орынды Қаламқас құрылыс-құрастыру қызметінің командасы жеңіп алды. Команда құрамында капитаны Бекболат Сейтмағанбетов, ойыншылар Қуаныш Түйешиев, Нұрболат Қосұтов, Талғат Миндасов, Әмірбай Шаханов, Ерлан Шектібаев, Ерболат Шектібаев, Ерболат Махашев, Серғазы Қадырханов ойын көрсетті. 2-ші орынға Жетібай құрылыс-құрастыру қызметінің командасы ие болды: капитаны Еркін Қыдырбаев, ойыншылар Рашид Казак, Қадыр Павиз, Әсет Жауылбаев, Бекжан Жанасов, Мақсұт Санақасов, Нұржан Олжабаев, Қуаныш Өтегенов. 3-ші орынды Өндірістік қамтамасыз ету базасының командасы иеленді: капитаны Ерлан Құрағұлов, ойыншылар Батыржан Оңаев, Беркін Көбеков, Рустам Қазымін, Әділбек Әмірзақов, Амангелді Амандәулет.

Жеке номинациялар бойынша: «Үздік шабуылшы» - оқшаулаушы Бекболат Сейтмағанбетов, «Үздік қорғаушы» - оқшаулаушы Еркін Қыдырбаев, «Үздік қақпашы» - қауіпсіздік тобының жетекшісі Амангали Еділов марапатталды.

Волейболдан жүлделі орын алған ерлер командалары: 1-ші орын - Көлік және арнайы техника қызметінің командасы: капитаны Асхат Шойтасов, ойыншылар Ербол Құсайынов, Қасқырбай Тұңғатар, Есет Нұрмағанбетов, Талғат Жалғасбаев, Амантай Елтаев, Қайрат Жамиев, Ержан Атабайға бұйырды. 2-ші орынға Өндірістік қамтамасыз ету базасының командасы ие болды: капитаны Батыржан Оңаев, ойыншылар Мұхамбет Қаржаубаев, Беркін Көбеков, Болат Бектияров, Рустам Қазымін,

Ерлан Қарағұлов, Амандық Әбду. 3-ші орынды Өкімшілік басқару персоналының командасы құрамында: капитаны Самат Ізбасқанов, ойыншылар Наурыз Сәтов, Арыстан Жамалев, Нұржан Оразов, Жасұлан Бекмурзин, Болат Сүндетқалиев алды.

Жеке номинациялар бойынша: «Үздік шабуылшы» - жүргізуші Асхат Шойтасов, «Үздік қорғаушы» - сылақшы Батыржан Оңаев марапатталды.

Волейболдан әйелдер арасында 1-ші орын - Өкімшілік басқару персоналының командасы: капитаны Қалбиба Базарова, ойыншылар Айман Есбосын, Аймагул Ноғаева, Гүлмира Әбуғалиева, Аида Гасанова, Раушан Исламғалиева, 2-ші орын Жетібай құрылыс-құрастыру қызметінің командасы: капитаны Бақтығұл Қолдашева, ойыншылар Қуанбаева, Айнұр Каленова, Айтқұл Махатова, Жұмағұл Халық, Жанат Бекееваларға бұйырды.

Жеке номинациялар бойынша: «Үздік шабуылшы» - сыршы Ақсындар Қуанбаева, «Үздік қорғаушы» - бұхалтгер Аймагул Ноғаева марапатталды.

Үстел теннисінен жүлделі орын алған спортшылар: ерлер арасында 1-ші орынды құбыр құрастырушы Талғат Сәрсен, 2-ші орынды жетекші инженер Жамалев Арыстан, 3-ші орынды слесарь-жүздеуші Беркін Көбеков иеленді. Әйелдер арасында 1-ші орынды Раушан Исламғалиева, 2-ші орынды Бақтығұл Қолдашева, 2-ші орынды Айман Есбосын алды.

Ерлер арасындағы **шахматтан** 1-ші орынды слесарь-сантехник Нұрболат Тайшықов, 2-ші орынды құбыр монтажшысы Батырбек Шонқалов, 3-ші орынды бөлім бастығының орынбасары Айжарық Ағатаев жеңіп алды. **Дойбыдан** жүлделі 1-ші орынды сыршы Лияз Тоғаджанов, 2-ші орынды құбыр монтажшысы Батырбек Шонқалов, 3-ші орынды тас қалушы Мұрат Дәулетов иеленді.

Жарыс нәтижесі бойынша қыздар арасындағы **шахмат және дойбыдан** жүлделі 1-ші орынды бұхалтгер Раушан Исламғалиева, 2-ші орынды аудармашы Айман Есбосын иеленді. Сайыс жеңімпаздарына кубок, диплом және қаржылай сыйлықтар табыс етілді. Ойындарда қарсыластарынан оза шауып, он бойы биік тұғырдан көріну - жакырлық еңбектің, мойымас төзімділіктің нәтижесі.

Мемлекеттің саясаты бірінші кезекте адамға қамқорлық көрсетуге, оның мүмкіндіктерін, зияткерлік, тағымдық және рухани әлеуетін дамытуға, шығармашылық жігерін жүзеге асыру үшін қолайлы жағдай туғызуға бағытталған. Бірақ адамның өзі сау болғысы келмесе, өте мықты бағдарлама да дәрменділікте табытты. Ынтымағы жарасқан ұжым мүшелеріне дене шынықтыру мен спорт өмірік серік болып, қуаныш пен сарқымас қуатқа кенелтіп, мәңгі жастық сезімін сыйласын деп тілейміз!

А.Есбосын,
«Oil Construction Company» ЖШС

ХАБАРЛАНДЫРУ

«КМГ» ҰҚ АҚ компанияларында этикалық принциптерді сақтай отырып, жұмыскерлерге және лауазымды тұлғаларға дау-жанжалдық жағдайларды реттеуде көмек беру мақсатында және даулы және жанжалды жағдайларды болғызбау үшін жан-жақты шаралар мен қызметтерді жетілдіру және реттеу, сонымен корпоративтік тәжірибе, саясат саласындағы алдадық пен әділдік мәселелері бойынша байланыс ұйымдастыру мақсатында, «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ еншілес ұйымдары - «Oil Services Company» ЖШС, «Oil Construction Company» ЖШС, «Oil Transport Corporation» ЖШС, «Манғыстауэнергоунай» ЖШС және «Мұнайтелеком» ЖШС қызметкерлері үшін Омбудсмен - Аманбаев Құлхайыр Тәжіғұтұлы 2017 жылдың 1 қаңтарынан өз жұмысын бастайды.

Омбудсмен кез келген жұмыс күндері қабылдау жүргізеді.

Мекенжайы: Ақтау қаласы, 81/аудан, 41 ғимарат, «Мұнайтелеком» ЖШС, 102 каб.

Жұм/тел: 87292/21-21-00, 215-105

Ұялы/тел: 8777 111 7309, 8702 737 7777

ОБЪЯВЛЕНИЕ

В целях обеспечения сотрудникам и должностным лицам компаний АО НК «КМГ» помощи в урегулировании спорной/конфликтной ситуации с обязательным соблюдением этических принципов и совершенствованием восторонние меры и услуги по предотвращению и урегулированию спорных и конфликтных ситуаций, тем самым обеспечивая обратную связь по вопросам честности и справедливости в области корпоративных практик, процессов и политик, для работников ДЗО АО НК «КазМұнайГаз»: ТОО «Oil Services Company», ТОО «Oil Construction Company», ТОО «Oil Transport Corporation», ТОО «Манғыстауэнергоунай» и ТОО «Мұнайтелеком» с 1 января 2017 года начинает свою работу Омбудсмен - Аманбаев Құлхайыр Тәжіғұтұлы.

Омбудсмен ведет прием работников в любое время по адресу:

г.Ақтау, 8 мкр., 41 зд. ТОО «Мұнайтелеком» 102 каб.

Тел/раб: 87292/21-21-00, 215-105

Моб/тел: 8777 111 7309, 8702 737 7777

Еңбек қауіпсіздігі

ЖОЛ-ҚОЗҒАЛЫСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІН ҚАТАҢ САҚТАЙЫҚ!

2017 жылдың басында компанияда екі бірдей жол-көлік оқиғасы орын алып, жарақаттанған екі жүргізуші ауыр халде Маңғыстау облыстық жан сақтау бөліміне жатқызылды.

Бірінші жол-көлік оқиғасы 5-қаңтар күні сағат 08:40 шамасында «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты Қаламқас кенорында жаңадан салынып жатқан «Ойл Транспорт Корпорейшн» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі нысанының жанындағы тас жолда орын алды. «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы көлік департаментіне қарасты автокөлік паркі Қаламқас учаскесі автокөлік тізбегінің 6-шы дәрежелі мұнай кәсіпшілігі жабдықтарын қамту жөніндегі агрегаттардың машинисі өзінің басқаруындағы УАЗ-390945 370 маркалы автокөлігімен жолақтың қарсы жағына шығып кетіп, өз бағытымен қозғалып келе жатырған «Oil Construction Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі автокөлік жүргізушісінің басқаруындағы УРАЛ 4320 30 маркалы



Транспорт Корпорейшн» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Бозашы технологиялық көлік басқармасы автокөлік жүргізушісінің басқаруындағы ГАЗ-3308 маркалы автокөлігіне соқтығысып қалды. Жол қозғалысы ережесінің 10.1 тармағы бұзылып, жол-көлік оқиғасы орын алды. Жол-көлік оқиғасы нәтижесінде автокөлік жүргізушісі ауыр дене жарақатын алып, Маңғыстау облыстық ауруханасының жан сақтау бөліміне жатқызылды. Бұл келенсіз оқиғалар еңбек қауіпсіздігін сақтау шараларын нығайтуды талап етеді.

Сондықтан да жол қозғалысы ережелерін сақтау, жол-көлік оқиғасын болдырмау, алдын алу мақсатында төмендегі көрсетілген ақпаратты Қоғам қызметкерлерінің назарына береміз:

- қоғамның барлық автокөлік жүргізушілері «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жер үсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану ережесімен (П-16-39) мұқият таныстырылып, Ережеге сәйкес қауіпсіз жұмыс жүргізуі тиіс;
- жүргізушілердің көлік құралының бір түрінен екінші түріне ауысу кезінде, оның жүргізушілік өтіліне, біліктілігіне қарамастан барлық автокөлік жүргізушілері нұсқамадан және тәжірибелік сабақтан өткізілуі тиіс;
- барлық жолаушылар қызметтік автокөлікке отырған бойда міндетті түрде қауіпсіздік белбеуін тағып алуы тиіс;
- автокөліктің жолаушылары қауіпсіздік белбеуін

тақпаған жағдайда автокөлік жүргізушілері көлік қозғалысын орнынан қозғамауы тиіс;

- барлық жаяу жүргіншілер тас жолмен өту кезінде белгіленген жермен, жаяу жүргіншілер жолағымен өтуі тиіс;

- қоғамның барлық автокөлік жүргізушілері міндетті, мерзімдік (еңбек қызметі барысында) медициналық қарап-тексеруді және ауысым алдындағы, ауысымнан кейінгі медициналық куәландырудан міндетті түрде өткізілуі тиіс.

- қоғамның барлық қызметкерлері жұмыскерлердің әрбір өндірістік жарақаты және денсаулығының өзге де зақымдануы, кәсіптік аурудың (уланудың) белгілері туралы, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін ахуал туындағанда жұмыс берушіге немесе жұмысты ұйымдастырушыға дереу хабарлауға тиіс.

Өндірістің қауіпсіздік қағидалары!!!

Ешкім зардап шекпеуі керек!

Жұмысқа кірісер алдында ойлан!

Жұмысты қауіпсіз орында, не оны мүлдем орындама!

Жұмысты қауіпсіз орындауға әрдайым уақыт табылады!

Күмәнің болса анықта (сұра)!, - деп жазылған өндірістің қауіпсіздік қағидалары плакаттары, әр сөзді оқып жатпау үшін емес, әр сөзді дұрыс ұғынып орындау үшін жазылғанын және сізді үйде отбасы күтетінін естен шығармағаныңыз жөн.

Б. Латип,

еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік қызметінің басшысы

Құрметті әріптестер!!!

Өндірістің қауіпсіздік қағидаларын сақтаған кезде ғана қауіпсіз еңбек жағдайын тудырады.

- Ешкім зардап шекпеуі керек!
- Жұмысқа кірісер алдында ойлан!
- Жұмысты қауіпсіз орында, не оны мүлдем орындама!
- Жұмысты қауіпсіз орындауға әрдайым уақыт табылады!
- Күмәнің болса, анықта! (Сұра)



Уважаемые коллеги!!!

Создание безопасных условий труда возможно лишь при соблюдении принципов безопасности производства.

- Никто не должен пострадать!
- Подумай, прежде чем выполнять работу!
- Выполняй работу безопасно, либо не делай ее совсем!
- Всегда есть время выполнить работу безопасно!
- Если сомневаешься, выясни! (Спроси)

Ел ардақтылары

КҮМБЕЗ КҮЙДІҢ ШЕБЕРІ

Біздің қазақтың баяғыдан дағдысы. Біреу қолына домбыра ұстап ән сала бастаса, ойдағы-қырдағысы жиналып, ... шалына дейін қалмай қамалып, айты-айтылап жанын жағасына келтіреді. Бара-бара не болса да сол әндегі рух сүйегіне сінеді, құлағында қалады.

Бүгінде Жетібайды Орын ағасы, Орын Құлсариевті Жетібайсыз елестету мүмкін емес. Бергісі Маңғыстау, ағысы күллі Алаш баласының аузынан түспейтін есім бұл. Шанырақтағы шараға «болашақта Орын Құлсариевтей күйші бол» деп, ырымдап жатқанын да көз көрді, құлақ естіді. Маңғыстаудың күйшілік өнерін деңгейге көтеріп, атақты Абыл, Есбай, Есір, Құлшар, Өскенбай, Қартбай, Байшағыр, Шамғұл, Мұрат секілді күй абыздарының мұрасын насихаттап, нотаға түсірген кісі - осы Орын аға. Таушықта туып, бай өмір баянын ақсақалдық кемелінде Жетібайда өнер мектебінің негізін қалады, «Маңғыстау маржандары» ансамблі құрды. «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының демеушілігімен бой көтерген

музыка мектебіне ауылдағы барлық мұнайшы балаларын жетектеп алып келіп, небір дүлдүлдерді баптап шығарды. Бүгінде «Орын Құлсариевтің шәкіртеріміз» деп, мақтанышпен маркайып айтатын, бармағына күдірет дарыған шебер орындаушылар өнерімен елді тәнті етіп жүр. Құлсариевтің атағы мен абыройы уақыт өткен сайын биіктемесе, аласарған емес.

Қазағын қапысыз сүйетін үлкен жүректің иесі бүгінде 85 жаста. Ұл-қыздарынан тараған немере-шөберелерінен тәлімін үзбеген ақсақал, мұнайлы мекеннің мақтанышы. Быыл Ақтау қаласына қоныс аударып, қариялық салтанатын балалары көтерген ақсарайдай еңселі үйде қызықтауда. Орын ағамызды «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғам басшылығы да



жетібайлық мұнайшылардың ұл-қызын тәрбиелеген еңбегіне алғысын жеткізіп, ақсақалды мерейлі жасымен құттықтады. «Нұр Отан» партиясы бастауыш партия ұйымының төрайымы Қымбат Иманқұлова Орын Құлсариевқа Басқарманың атынан Алғыс хат тапсырып, иығына шапан жапты.

"Мәдениет – мәңгілік, өнер – өміршен" демекші, өнерін сүйген, өнерпазын мәңгілеген

елдің мәртебесі қашанда биік. Мұнайшы балаларының құлағында Орын аға үйреткен нота, төкпелі күй ырғақтары бүкіл ғұмырына сақталары анық. Ұлтына берген ұлы мұрасы көз қарашығындай сақтайтын, қадірі кемімес құндылық болып қалатынына еш күмән жоқ. Мұнайлы мекеннің мәртебесі биіктеп, мұнарасының басынан күмбез күйлер кетпесін.

Жастар саясаты

КЕНОРЫНДАҒЫ ЖҮЗДЕСУ

Қаңтар айында "Жетібаймұнайгаз", "Қаламқасмұнайгаз" өндірістік басқармаларында Маңғыстау облыстық жастар саясаты басқармасы және Маңғыстау облыстық Азаматтық альянсы өкілдерінің ұйымдастыруымен жұмысшы жастармен кездесу өтті. Кездесу барысында Маңғыстау облыстық жастар саясаты басқармасының басшысы Аманғали Нұрдаулетов 2017 жылға бекітілген жұмыс жоспарымен таныстырып, жастардың қоғамдағы белсенділігі туралы бірқатар сұрақтарға жауап берді, ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Жас мамандар Кеңесінің белсенді мүшелерін Алғыс хатпен марапаттап, алдағы уақытта бірігіп іс-шаралар өткізу бағытындағы ұсыныстарын ортаға салды.



ала су айыру қондырғысының қызметкері Бисенбеков Самат "Үздік қақпашы" деп танылды. Өз ұжымының намысын қорғаған командалар арасында 1-орынды өндірістік департаменті иеленсе, жүлделі 2-орын тұрғын үй пайдалану цехінің қызметкерлеріне бұйырды. Жүлделі 3-орынды алдын ала су айыру қондырғысының командасы еншіледі.

Келелі кездесу соңы жұмысшы жастардың көкейінде жүрген көп сауалдың түйінін тарқатып, алдағы күнге деген сенімін арттырды. Ынтымақты ұран, татулықты туғып ұстаған ел жастары біріксе, алынбайтын қамал жоқ. Мұнараның басында ел игілігін еселеп, қара алтын қазып жүрген Қаламқас пен Жетібай жастарының жарқын сәттері көп болғай.

Жаңа кітап

«ЕЛ АРДАҚТЫЛАРЫ – МҰНАЙ ӨНДІРУШІЛЕР»

Жуырда «Ел ардақтылары – Мұнай өндірушілер VII» энциклопедиялық жинағы жарық көрді. Бұл жинақ бұған дейін жарық көрген «Ел ардақтылары – Гордость страны» сериясының заңды жалғасы. Аталған кітапта Қазақстан мұнай-шыларының өмір жолдары топтастырылады. Жоба авторы – белгілі журналист, Қазақстан журналистер Одағы сыйлығының лауреаты – Кенжебек Тұмбайұлы.

«Иен далада, уақытпен санаспай мұнай өндіру ісімен үздіксіз айналысып келе жатқан мұнай өндірушілер қауымына арналған «Ел ардақтылары – Мұнай өндірушілер. Гордость страны - Нефтедобытчики» энциклопедиялық кітабы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай қолдарыңызға тиіп отыр. Бұл еңбекте Кеңес Одағы кезінде еңбек етіп, жоғары деңгейдегі марапаттарға қол жеткізген ардагерлерге, өз тағдырын осы саламен байланыстырып,



қатарынан оза шапқан замандастарымызға да орын беріп отырмыз. Сонымен қатар, ірі кен орындарын тұңғыш ашып, мұнайдың мол қоры бар екенін дәлелдеген белгілі геологтарды, ірі мұнай өндіруші мекемелерге басшылық жасап, өндіру ісіне қыруар үлес қосқан азаматтарды да қамтыдық. Алақандай ғана ғұмырды мұнай өндірген арнап, қатал климатқа шыдас беріп, міндетсімей еңбек етіп жүрген ірі мұнайшының тағдыры - бір-бір кітапқа жүк... Мұнай өндірісінде

айырықша із тастаған азаматтардың барлығын бір кітапқа қамтудың өзі мүмкін емес. Аман болсақ, осынау келешекте де жалғастырысқақ деген ойдамыз» - дейді автор кітаптың алғы сөзінде.

Анықтамалық-ақпараттық еңбектен «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының мұнай өндірушілері туралы да мағлұматтар бар. Бұл кітаптың оқырман қауымға берер тағылымы мол.

Внутренние коммуникации

График проведения отчетных встреч Правления Общества с трудовым коллективом АО «Мангистаумұнайгаз» на 2017 год

№ п/п	Дата и время проведения	Место проведения	Члены Правления Общества, участвующие во встрече (Ф.И.О., должность руководителя)
1.	05.01.2017 г. в 16 ч.-00 мин.	ПУ «Жетібаймұнайгаз» Здание столовой	Иманбаев Б.А. – Генеральный директор АО «Мангистаумұнайгаз», Пәй Цзяньшэнь – Первый заместитель Генерального директора АО «Мангистаумұнайгаз»
2.	06.01.2017 г. в 11 ч.-00 мин.	ПУ «Қаламқасмұнайгаз», Спорткомплекс	
3.	11.07.2017 г. в 11 ч.-00 мин.	ПУ «Қаламқасмұнайгаз», Спорткомплекс	
4.	12.07.2017 г. в 16 ч.-00 мин.	ПУ «Жетібаймұнайгаз» Здание столовой	

График проведения консультаций Правления Общества с профкомом АО «Мангистаумұнайгаз» на 2017 год

№ п/п	Дата проведения	Место проведения	Члены Правления Общества, участвующие во встрече (Ф.И.О., должность руководителя)
1.	27 января 2017 г.	кабинет 805 Головного офиса АО «ММГ»	Иманбаев Б.А. – Генеральный директор АО «Мангистаумұнайгаз», Пәй Цзяньшэнь – Первый заместитель Генерального директора АО «Мангистаумұнайгаз»
2.	26 апреля 2017 г.		
3.	25 июля 2017 г.		
4.	26 октября 2017 г.		



Меншік иесі:

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ

Редактор: Есназар Сұлтанов

Редакция алқасы: Ғ.Әбдісәдік, Ж.Кемалова,

С.Ғалидуллин, Е.Қонақбаева

Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:

130000, Ақтау қаласы

6 ш.а., № 1 үй,

т.ел:

212-424, 212-601

212-603, 212-606

Газет айына 1 рет

шығады.

Тегін таратылады

Газет ҚР

Мәдениет және

ақпарат

министрлігінде

есепке

қойылып,

№ 9675 - Г

күнігі берілген

■ Газет жарияланымдарындағы

кезқарасын білдірмейді

■ Редакция оқырман хаттарына

жауап бермейді және оны

қайтармайды

■ Жарияланған материалдарды

сілтемесіз көшіріп басуға

болмайды

Газет АҚ-ның

жұртшылықпен

байланыс тобы

ның компьютері

інде теріліп,

беттелді.

Индексі: 64265

«АТIS» ЖШС

баспаханасында

басылды.

Ақтау қаласы,

17 ш.а.

т.ел: 525500